

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 31 қаңтардағы N 143 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 19 тамыз N 1436

Бюджет қаражатын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 31 қаңтардағы N 143 P020143\_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: көрсетілген қаулыға 17-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" 6-тармағында:

5 - бағанда:

"304" деген сан "577" деген санмен ауыстырылсын;  
"жана туған нәрестелер," деген сөздерден кейін "273 мың адам - 5

жастағы және медициналық айғақтар бойынша бұрын егілмеген балалар," деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 24-қосымшада:

4-тармақта "Аудандық" деген сөзден кейін ", қалалық" деген сөзбен толықтырылсын;

5-тармақта "Аудандық" деген сөзден кейін ", қалалық" деген сөзбен толықтырылсын;

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" 6-тармағында:

5-бағанда "УЗИ - 1 бірлік" деген сөздерден кейін ", стационарлық пленкалы флюорограф - 2 бірлік, портативті УЗИ - 3 бірлік" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақта "Аудандық" деген сөзден кейін ", қалалық" деген сөзбен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 42-қосымшада:

5-тармақта "міндеті:" деген сөзден кейін "жобалау алдындағы құжаттаманы дайындау," деген сөздермен толықтырылсын;

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" 6-тармағында :

5 - бағанда :

"Денсаулық сақтау" деген сөздердің алдынан "Жобалау алдындағы

кұжаттаманы әзірлеу," деген сөздермен толықтырылсын;

"жөндеуден" деген сөзден кейін "және қайта жаңартудан" деген сөздермен толықтырылсын;

"14" деген сан "16" деген санмен ауыстырылсын;

"госпиталь" деген сөзден кейін ", Травматология және ортопедия ҒЗИ, Республикалық қатаң бақылаудағы психиатриялық аурухана." деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақта: "жөндеу" деген сөзден кейін "және қайта жаңарту" деген сөздермен толықтырылсын;

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.